

4-тақырып. Кеден төлемдері мен салықтары.

Сабақтың мақсаты: Кедендік төлемдердің мәнін ашу, кедек салықтар мен баждардың түрлерімен танысу. Оларды қолдану тәжірибесімен таныстыру.

Заң мынадай кеден төлемдерін (баж, алым, төлем) қарастырады: кеден бажы, мезгілдік баж, арнайы баж, демпингке қарсы баж, өтемдік баж; кеден органдарының лицензия бергені үшін алынатын алым; кедендік рәсімдеу бойынша маманның біліктілік аттестатын бергені үшін алынатын алым, кедендік рәсімдеу үшін алынатын кеден алымы, тауарларды сақтау үшін алынатын кеден алымы, тауарларды кедендік алып жүру (шығарып салу) үшін алынатын кеден алымы, ақпараттандырғаны мен кеңес бергені үшін ақы, алдын-ала шешім қабылдағаны үшін төлемақы, кеден аукциондарыша қатысқаны үшін төлемақы.

Кейінгі енген өзгерістер мынадай болды. Тек кеден бажының өзінен басқа, сондай-ақ ақпараттандырғаны мен кеңес бергені үшін және кеден аукциондарына қатысқаны үшін төленетін төлемақыдан басқа барлық баждар алынып тасталды. Ол кезде заңда көрсетілген шарттар негізінде кеден органдары демпингке қарсы қорғау және өтемдік баждар салуға құқылы болды.

Мұнда кеден бажының мөлшерлемесі мына түрлерге бөлінді:

- 1) адволаттық (тауардың кеден бағасына пайыз түрінде есептеледі);
- 2) спецификалық (салынатын тауардың әрбіреуіне белгіленген келемде салынатын);
- 3) комбинацияланған (құрастырылмалы) (кеден салығының екі түрін де қамтитын).

Мемлекеттің салықтық құрылысы — мемлекеттің салық жүйесін құру негізіндегі ұйымдастыру - құқықтық және экономикалық-функционалдық принциптерді, салық жүйесінің негізгі функцияларын, салықтар мен салық нысанындағы міндетті төлемдердің түрлері мен топтастыру белгілерін, сондай-ақ оларды бюджеттер арасында бөлу тәртібін, салық жүйесін басқару әдістері мен басқару құрылымын және салық жүйесі барлық элементтерінің өзара байланыстарын айқындайтын салықтық құқықтық жалпы бөлімінің институты болып табылады

Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкету кезінде салық салу ерекшеліктері

Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелу - шетелдік тауарлар мен көлік құралдары Қазақстан Республикасының кедендік аумағында, тауарлар қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды қоспағанда, тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан, кедендік әкелу баждарын және салықтарды төлеуден толық немесе ішінара босатыла отырып пайдаланылатын, тауарлар мен көлік құралдары кейіннен Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тыс жерлерге әкетілетін кездегі кедендік режим.

Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелудің кедендік режиміне тауарлар мен көлік құралдарын орналастыру кезінде төмендегідей талаптар сақталуы тиіс:

1. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелудің кедендік режиміне

тауарлар мен көлік құралдары:

- 1) тауарлар мен көлік құралдарын бірдейлендіру қамтамасыз етілген;
- 2) кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілейтін нысан бойынша тауарлар мен көлік құралдарын белгіленген мерзімдерде Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге әкету туралы міндеттеме берілген;
- 3) Кеден Кодексінің 191-бабына сәйкес кедендік баждар және салықтар төленген жағдайларда орналастырылады.

Тауарларды уақытша әкелу кезінде кедендік баждарды және салықтарды қолдану:

1. Кедендік баждар және салықтар төлеуден толық босатыла отырып уақытша әкелінетін тауарлардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге енгізілген лизинг нысаналары Қазақстан Республикасының қаржы лизингі туралы заңдарының талаптары сақталған жағдайда кедендік баждарды және салықтарды төлеуден толық босатылады.

3. Кеден кодексінің 190-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген тізбелерге енгізіл-меген тауарларға қатысты кедендік баждарды және салықтарды төлеуден ішінара босату қолданылады. Тауарлардың Қазақстан Республикасының кедендік аумағында болуының әрбір толық және толық емес күнтізбелік айы үшін кедендік баждарды және салықтарды төлеуден ішінара босату кезінде тауарлар еркін айналыс үшін шығарылғандағы төленуге тиіс соманың үш проценті теленеді.

4. Ішінара босату кезінде төлеуге жататын кедендік баждардың және салықтардың сомасын есептеу кеден декларациясын тіркеу күніне орайлас келісім-шарт валютасымен жүргізіледі. Кедендік баждардың және салықтардың сомасын төлеу кезеңділігін декларант белгілейді. Бұл ретте кедендік баждар және салықтар сомасын төлеудің нақты мерзімдері бұл соманы төлеудің тиісті кезеңі басталғанға дейін жүргізілуге тиіс екендігіне орай белгіленеді.

Уақытша әкелінген тауарлар еркін айналыс үшін тауарлар шығарудың кедендік режиміне орналастырылған жағдайда кедендік баждарды және салықтарды төлеуден ішінара босату кезінде төленген кедендік баждардың және салықтардың сомасы еркін айналыс үшін тауарлар шығарудың кедендік режиміне сәйкес төленуге жататын кедендік баждардың және салықтардың сомасына есепке жатқызылады.

6. кеден кодексінің 190-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда осы баптың 3-тармағына сәйкес төленген кедендік баждардың және салықтардың сомасын уақытша әкелінген тауарларға қатысты құқықтық мирасқор болып табылатын тұлға төлеген болып саналады.

7. Кедендік баждарды және салықтарды төлеуден ішінара босата отырып, тауарларды уақытша әкелу кезінде алынатын кедендік баждардың және салықтардың жалпы сомасы тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелудің кедендік режиміне орналастырған кезде тауарлар еркін айналыс үшін шығарылғандағы төленуге тиіс кедендік баждардың және салықтардың сомасынан аспауға тиіс.

8. Тауарларды өзге кедендік режимдерге орналастырған жағдайда кедендік баждарды және салықтарды төлеуден ішінара босату кезінде төленген кедендік баждардың және салықтардың сомасы қайтарылуға жатпайды.

Тауарды уақытша әкелу мерзімдерін декларант мұндай әкелудің мақсаттары мен мән-жайларына сәйкес белгілейді, бірақ оны осы бапта көзделген жағдайларды қоспағанда, тауарларды уақытша әкелудің кедендік режиміне орналастыру күнінен бастап үш жылдан асыруға болмайды.

ТАУАРЛАР ЭКСПОРТЫ КЕЗІНДЕ САЛЫҚ САЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тауарлар экспорты - Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге осы аумақтан тыс жерде тұрақты болу немесе тұтынылу мақсатында тауарлар әкетілетін кедендік режим[11].

Тауарларды тауарлар экспортының кедендік режиміне орналас-тыру жағдайлары

Тауарлар экспорты:

- 1) кедендік әкету баждары төленген;
- 2) тарифтік емес реттеу шаралары сақталған;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптар мен жағдайлар орындалған жағдайда жүзеге асырылады.

Экспорт үшін шығару

Экспорт үшін шығарылған тауарлар Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге нақты әкетілуге тиіс. Бұл орайда олар тасымалдау мен сақтаудың қалыпты жағдайлары кезіндегі табиғи тозу немесе табиғи кему салдарынан болатын өзгерістерді қоспағанда, кедендік декларация қабылданған күнгі қалпында болуға тиіс.

Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тыс жерлерге экспорттау үшін шығарылған тауарлар әкетілмеген кезде тауарларды өткізуші тұлға жауапты болады.

Тауарлардың кері экспорты - бұрын Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарлар кедендік әкелу баждарын және салықтарды төлеместен немесе төленген сомаларды қайтара отырып, экспорттық бақылау саласындағы шараларды қоспағанда, тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан осы аумақтан әкетілетін кедендік режим.

ТАУАРЛАР ТРАНЗИТІ КЕЗІНДЕ КЕДЕНДІК ТӨЛЕМДЕР МЕН АЛЫМДАР ТӨЛЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тауарлардың транзиті дегеніміз:

- 1) шетелдік тауарлар Қазақстан Республикасының кедендік аумағы бойынша кедендік бақылаумен олардың Қазақстан Республикасының кеден-

дік аумағына келген жері мен олардың осы аумақтан әкетілген жерінің арасында тауарлардың қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды және экспорттық бақылау саласындағы шараларды қоспағанда, тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан, кедендік баждарды және салықтарды төлеместен өткізілетін;

қазақстандық тауарлар шет мемлекеттің аумағы бойынша олардың Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкетілген жері мен олардың Қазақстан Республикасының кедендік аумағына келген жерінің арасында (тауарлардың қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды және экспорттық бақылау саласындағы шараларды қоспағанда, - алып тасталды) кедендік баждарды төлеместен және тарифтік емес реттеу шараларын қолданбастан өткізілетін кедендік режим.

Қазақстан Республикасына импортталатын тауарларға салынатын кедендік салықтар мен баждар және алымдар

Бұл тарауды қарастырмас бұрын ескере кететін маңызды жайт, Қазақстан Республикасына тауарлардың кері импорты кезінде кедендік салықтар мен баждар салынбайды. Кеден Кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілері көзделген басқа да талаптар орындалған; кедендік ресімдеу аяқталған жағдайларда жүзеге асырылады.

Кедендік баждарды және салықтарды қолдану

Егер қайта өңдеудің мақсаты әкетілген тауарларды кепілді (өтеусіз) жөндеу болса, кедендік баждарды және салықтарды төлеуден толық босату қайта өңдеу өнімдеріне қатысты беріледі.

Кедендік баждарды және салықтарды төлеуден ішінара босату әкетілген тауардың өтеулі жөндеуі кезінде немесе қайта өңдеу бойынша езге де операцияларды жүзеге асыру кезінде беріледі.

Есеп-қисап кезінде кедендік баждардың және салықтардың адвалорлық ставкалары қолданылған жағдайда әкелінген қайта өңдеу өнімдері бойынша кедендік құнды айқындау үшін негіз ретінде тауарларды қайта өңдеу (жөндеу) жөніндегі операциялардың құны алынады.

Кедендік баждардың және салықтардың арнайы ставкаларын қолдану кезінде тауарларды қайта өңдеу (жөндеу) жөніндегі операциялардың құнына барабар болатын өлшеу бірліктерінде керінетін қайта өңдеу өнімдерінің мөлшері есеп-қисап үшін негіздеме болып табылады.

Сонымен қатар, қайта өңдеу өнімдеріне салықтық преференциялар да қолданылады. Енді осы мәселеге тоқталып өтсек. Инвестициялық салықтық преференциялар тіркелген активтерге салынатын инвестициялардың көлеміне қарай белгіленетін, бірақ бес жылдан аспайтын мерзімге беріледі. Бірақ, заңды тұлға жүзеге асыратын, арнаулы салық режимі қолданылатын қызметке, сондай-ақ жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттар бойынша қызметке қатысты инвестициялық салықтық преференциялар қолданылмайды. Қазақстан Республикасы Салық Кодексінің 138-бабына сәйкес, инвестициялық салық преференциялары дегеніміз жаңа өндірістер құру, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту мен жаңарту мақсатында инвестициялық жобаларды жүзеге асыратын салық төлеуші заңды

тұлғалардың жылдық жиынтық табысынан қосымша шегерімдер жасауға құқық беру, мұндай салық төлеушілерді жаңа өндірістер құру, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту мен жанарту мақсатында инвестициялық жоба шеңберінде жаңадан пайдалануға берілген тіркелген активтер бойынша мүлік салығын төлеуден босату, сондай-ақ инвестициялық жобаны іске асыру үшін иемденіп алынған және пайдаланатын жер учаскелері бойынша жер салығын төлеуден босату[18]. Осы жерде бір айта өтер маңызды мәселе, бұрынғы Салық Заңына сәйкес инвестициялық салықтық преференциялардың түрлері және берілу тәртібі “Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы” Заңда берілген. Салық Заңында осы заңға тек сілтеме жасайтын. Ал бұл өз кезегінде “Нормативтік-құқықтық актілер туралы” Заңға қайшы келетін. Жоғарыда айтып өткендей, инвестициялық салықтық преференциялар инвестициялық жобаларды жүзеге асыратын салық төлеуші заңды тұлғаларға береді. Преференциялар салық төлеушілерге преференцияларды қолданудың басталу күнін белгілейтін келісім-шартқа (оның нотариалдық жолмен куәландырылған көшірмесі салық төлеушінің тіркелген жері бойынша салық органына беріледі) сәйкес мынадай мерзімдерде:

- келісім-шартты жасасу кезінде шаруашылық қызметті жүзеге асыратын салық төлеушілер – тіркелген активтерді пайдалануға берілген жылдан кейінгі жылдың 1-қаңтарынан бастап;
- жаңадан тіркелген салық төлеушілер – тіркелген активтер іске қосылған кезден бастап беріледі.

Корпорациялық табыс салығы бойынша преференциялар салық төлеушіге жылдық жиынтық табыстан Салық кодексінің 107-бабы 1-тармағының 1)-8) тармақшаларында көрсетілген, амортизацияға жатпайтын тіркелген активтерді қоспағанда (Олар: жер, Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 1-қаңтарға дейін қолданылған салық Заңдарына сәйкес бұрын құны толығымен шегерілуге жатқызылған негізгі құралдар), инвестициялық жобалар шеңберінде пайдалануға берілген тіркелген активтердің құнын преференциялардың қолдану мерзіміне қарай тең үлестермен шегерімге жатқызуға құқық береді. Сондай-ақ, корпорациялық табыс салығы бойынша преференцияларды қолдану үшін салық төлеуші жаңадан іске қосылатын тіркелген активтер бойынша олардың құнын ішкі топтың құн балансына енгізбейді және олар бойынша бөлек есеп жүргізіледі.

Мүлік салығы бойынша преференцияларды қолдану мерзімі біткеннен кейін салық төлеуші Салық Кодексінің 351-360-баптарында белгіленген тәртіппен мүлік салығын және 323-344-баптарында белгіленген жалпы тәртіппен жер салығын қолдану мерзімі тіркелген активтерге инвестициялардың көлеміне қарай әрбір жекеленген жағдайда айқындалады, бірақ ол жоғарыда аталып өтілген мерзімдердің басталу уақытынан бастап 5 жылдан аспауы тиіс. Сондай-ақ преференциялардың қолданылу мерзімі келісім-шартта көрсетілген мерзімде тоқтатылады не мұндай мерзім біткенге дейін тоқтатылуы мүмкін[19]. Салықтық преференциялардың қолданылуын мерзімінен бұрын тоқталу тараптардың келісімі бойынша жүзеге асырылуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Инвестициялар туралы заңдарында

белгіленген жағдайларда оны тараптардың әрқайсысы біржақты тәртіппен жүзеге асыруы мүмкін. Бұл жағдайларға біз кейінірек кеңірек тоқталып өтеміз. Ал салықтық преференциялардың қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде салық төлеуші салықтарды төлейді және салық Кодексі мен Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауапты болады.

Салықтық преференциялармен қатар Үкіметтің бекіткен қызметтердің басым түрлерін жүзеге асырушы инвесторларға Инвестициялар туралы заңның 17-бабында Кеден баждарын салудан босату түріндегі мемлекеттік қолдаудың түрі бекітілген. Осы бапқа сәйкес, кеден баждарын салудан, инвестициялық жобаны іске асыру үшін әкелінетін жабдықтар мен олардың жинақтаушыларының импорты кезінде:

- 1) Қазақстан Республикасының аумағында инвестициялық жобаға сәйкес қызметті жүзеге асыру үшін ұқсас жабдықтар мен олардың жинақтаушыларының өндірісі болмаған;
- 2) Қазақстан Республикасының аумағында инвестициялық жобаға сәйкес қызметті жүзеге асыру үшін ұқсас жабдықтар мен олардың жинақтаушыларының өндірісі жеткіліксіз болған;
- 3) Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін ұқсас ұқсас жабдықтар мен олардың жинақтаушыларының осы жобаның шеңберінде қойылатын талаптарға сәйкес болмаған жағдайларда босатылуы мүмкін.

Кеден баждарын салудан босату, мерзімін ұзарту мүмкіндігімен бір жылға, бірақ келісім-шарт жасалған уақыттан бастап бес жылдан аспайтын мерзімге беріледі. Ал кеден баждарын салудан босату жөніндегі шешімді және оның мерзімдері бекітілген инвесторлармен жасалған шарт негізінде уәкілетті орган (Индустрия және сауда министрлігі) қабылдайды және бұл туралы кеден ісі жөніндегі мемлекеттік органға хабалауы тиіс.

Енді мемлекеттік заттай гранттарды беру мәселесін қарастырып өтсек. Инвестициялар туралы Заңда берілген анықтамаға сәйкес, мемлекеттік заттай гранттар дегеніміз - Қазақстан Республикасының меншігі болып табылатын инвестициялық жобаны іске асыру үшін Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының меншігіне не жер пайдалануына өтеусіз берілетін мүлік. Мемлекеттік заттай гранттарды Инвестициялар туралы заңда белгіленген тәртіппен қазақстан Республикасының Үкіметі не Индустрия және сауда министрлігі мемлекеттік мүлікті және жер ресурстарын басқару саласындағы тиісті мемлекеттік органдармен келісе отырып, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес меншікке не жер пайдалануға береді. Мемлекеттік заттай грантты беру сауал жасалған кезден бастап он бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Мемлекеттік заттай гранттар ретінде: жер учаскелері, ғимараттар, құрылыстар, машиналар мен құрал-жабдықтар, есептеу техникасы, өдшейтін реттейтін аспаптар мен құрылғылар, көлік құралдары (жеңіл көліктерді қоспағанда), өндірістік және шаруашылық саймандар берілуі мүмкін. Ал мемлекеттік

заттай гранттарды бағалау Қазақстан еспубликасының заңдарында белгіленген тәртіппен олардың нарықтық құны бойынша жүзеге асырылады. Көңіл бөлетін маңызды мәселе, мемлекеттік заттай гранттың ең жоғарғы мөлшері Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының тіркелген активтеріне салынатын инвестициялар көлемінің отыз процентінен аспауы тиіс. Егер сұрау салынған мемлекеттік заттай гранттың бағалау құны аталған ең жоғарғы мөлшерден асып түссе, Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының сұрау салынған мүлікті оны бағалаған құны мен мемлекеттік заттай гранттың ең жоғарғы мөлшері арасындағы айырманы талап етуге құқығы бар.

Жоғарыда аталған инвестициялық преференцияларды берудің тәртіптеріне тоқталып өтсек. Инвестициялық преференцияларды алу үшін алдымен үміткер тұлға өтініш береді. Инвестициялар туралы заңның 19-бабында инвестициялық преференциялар беруге арналған өтінімге төмендеідей талаптар қойылады:

- заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариаттық тәртіппен куаландырылған көшірмесі;
- заңды тұлғаның статистикалық карточкасының нотариаттық тәртіппен куаландырылған көшірмесі;
- заңды тұлға жарғысының нотариаттық тәртіппен куаландырылған көшірмесі;
- инвестициялық жобаның уәкілетті орган белгілейтін талаптарға сәйкес жасалған бизнес-жоспары;
- жобаны іске асыру кезінде пайдаланылатын құрылыс-монтаж жұмыстарының сметалық құның және тіркелген активтерді сатып алуға арналған шығындарды негіздейтін құжаттар;
- жобаны қаржыландырудың көздері мен кепілдігін белгілейтін құжаттар;
- инвестор сұрау салған мемлекеттік заттай гранттың мөлшерін (құнын) және оны беру алдын ала келісілгенін растайтын құжаттар. Осылардың бәрі болған жағдайда уәкілетті орган өтінімді қабылдайды және тіркейді.

Өтінім тіркелген күннен отыз жұмыс күні ішінде инвестициялық преференциялар беру туралы шешім қабылданып, өтінім берушіге жазбаша түрде жауап жіберіледі. Уәкілетті орган инвестициялық преференциялар беру туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде моделдік келісім-шарттың ережелерін ескере отырып, келісім-шартты қол қоюға дайындайды. (Моделдік келісім-шарт Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырындағы Қаулысымен бекітілген). Келісім-шартты уәкілетті орган қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тіркейді және ол тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

Инвестициялық преференциялардың қолданылуы келісім-шарттың қолданылу мерзімі біткен соң тоқтатылуы не тараптардың келісімі

бойынша тоқтатылуы, сондай-ақ біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі мынадай жағдайларда: өтініш беруші табыс еткен мәліметтердің бұрмаланғаны не жасырылғаны анықталған және бұл инвестициялық преференциялар беру жөніндегі шешімге ықпал еткен жағдайда; инвестор келісім-шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындамаған жағдайда, бұл туралы инвесторға хабарланған кезден бастап үш ай өткен соң келісім-шартты бір жақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл жағдайларда инвестор келісім-шарт бойынша берілген инвестициялық преференциялар салдарынан төленбеген салықтар мен кеден баждарының сомаларын төлеп, оған Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген айыппұл санкциялары қолданылады.